

Қарағанды облысының
білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы

Әдістемелік құрал

Қазақ тілі апталығы: "Қазақ тілін үйренеміз"



Мазмұны

1.«Тілім – тірегім, соғып тұрған жүрегім» сценарийі.....	3-6
2.«Мақта қызбен мысық» ертегісі қойылымының конспектісі.....	7-11
3.«Менің алғашқы кітаптарым» кітаптар көрмесінің конспектісі.....	12-15
4.«Тіл білгірі» педагогтар арасында сайыс сценарийі.....	16-18
5.«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» мектепалды топтар арасында жарысының конспектісі	19-22
6.«Қызыл телпек» театрландырылған қойылымының конспектісі	23-26
7.«Тіл-ұлттың жаны» «Тұсау кесер» қазақ халық дәстүрінің сценарийі.....	27-28
8.«Тіл-ұлттың жаны» «Бессікке салу» қазақ халық дәстүрінің сценарийі.....	29-30
9.«Ақ жол» қазақ тілін оқыту бойынша кітапты Англия елінің балаларына тапсыру сценарийі	31-33

**«Тілім – тірегім, соғып тұрған жүрегім»
атты салтанатты ашылу рәсімінің
сценарийі**

Өткізілген күні: 22.02.2021 жыл

Өткізілген орны: музыкалық зал

Мақсаты: Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, екендігіне кең түсінік бере отырып, елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету. Мемлекеттік тілді кеңінен насихаттау, тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтер.

Музыкалық зал жайлау түрінде безендірілген. Құрманғазы күйі орындалуда.

Айсулу: Құрметті балалар! Құрметті педагогтер! Бүгін біз залда қазақ тіліне деген сүйіспеншілігіміз туралы айту үшін жиналып отырмыз. Адамға тіл сияқты берік ештеңе жоқ. Тілдің арқасында біз көптеген жана адамдармен кездесеміз. Тілдің арқасында басқа елдерде достарымыз бар. Тіл - бұл жер бетінде және біздің Қазақстан Республикасында тұратын барлық халықтар достығының делдалы. Біздің ұлы мемлекетіміз жыл сайын бай, қуатты бола берсін!

Айсулу: Тілім менің тірегімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өшсе тілім менде бірге өшермін,
Өссе тілім менде бірге өсермін.

Айсулу: Балалар, тіл не үшін қажет деп ойлайсыңдар? (балалардың жауаптары). Өте жақсы, барлық халықтардың өзіндік дәстүрлері мен рәсімдері бар және әркім өз ана тілінде сөйлейді. Тіл- адам жанының тілмашы. Ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл, ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл.

Айсулу: Ал қазір біз тарих беттеріне қызықты саяхат жасаймыз. Біздің мерекеге қонақтар келіп қалыпты, кім келді? Бұл ұлы ақын Абай Құнанбаев атамыз. Сәлеметсіз бе, Абай ата.

Абай: Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады, аса арсыздана жалынбайды.

Абай: Сәлеметсідер ме балалар. Қош келдіңдер, көрпеге жайғасып отырыңдар. Абай Құнанбаевтың ана тілі туралы әңгімесі.

Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.

Айсулу: Бізге тағы қонақ келе жатқан сияқты

Айсулу: А вот ещё к нам гостья идёт

Входит Әже

Әже: Сәлеметсіздер ме балалар

Айсулу: Сәлеметсіз бе әже, проходите присаживайтесь, дайте нам своё благословение на продолжение праздника.

Присаживается на корпе и читает бата

Әже: Батам, батам бай болсын,
Төңірегі сай болсын.
Далада жатқан жабағың,
Дөңгеленіп келіп тай болсын,
Қазаның қаспақты болсын.
Әумин!

Шашу рәсімі

Айсулу: Аяулы да ардақты әже мерекеміздің қонағы болыңыз

Абай: Мен балалардың балабақшада қазақ тілін оқитынын білемін, қандай деңгейде білетіндерін естігім келеді. Кім батыл екен кәне, шығып бізге өлеңдерін оқып берсе!

Айсулу: Құрметті Абай ата және әже қазір біз «Тіл білгірі» еліне саяхат жасаймыз, сіздер біздің балаларымыздың қазақ тілін жақсы білетіндеріне көз жеткізесіздер. Мәнерлеп оқу сайысы жарияланады.



Бала: Шадура Иван «Қыс» Абай Құнанбаев

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.



Бала: Кирилл Даукантас «Жорға торғай» М.Әлімбаев

Жорға торғай жалпылдап
Күзде жаңғақ терді мол.
Тұмсығымен шұқылап,
Топыраққа көмді ол.
Қысып қыстың бораны
Қалса керек қарны ашып.
Тапты торғай тамағын,
Қойманы іздеп, қарды аршып.



Бала: Арина Аларина «Ұзын тіл» М.Әлімбаев

Ұялмайды ұзын тіл,
Қызармайды ұзын тіл.
Неге десең, ұзын тіл –
Туғаннан – ақ қызыл тіл.
Адам нанбас сөз айтып,
Бөскен сайын ұзарар.
Сол тіл үшін көз тайқып,
Бет пен құлақ қызарар.



Бала: Дарина Сатвалдиева «Білімдіден шыққан сөз» Абай Құнанбаев

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.
Жүрегі - айна, көңілі - ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?



Абай: Жарайсыңдар балалар, қазақ тілін жақсы білетіндеріңе көзім жетті .

Әже: Қазақ даласының ұлы ақындарының өлеңдерін жақсы айттыңдар. Бұл үшін сендерді марапаттаймыз. (Байқауға қатысқандары үшін мадақтамаларды тапсыру)

Айсулу: Ал қазір қонақтарымызға «Қара жорға» биін арнағымыз келеді



Абай: Сендермен болғанымға қатты қуаныштымын, қоштасқымда келмейді, бірақ жолға шығатын уақытта келді.

Абай ата мен әже бірге: Сау болыңдар достар! (қонақтар кетеді)

Айсулу: Мәнекей Абай атамыз бен әжемізбен қоштастық
Мерекеміз өз мәресіне жетті, қоштасар алдында сіздерге бақыт,
бейбітшілік, амандық тілегім келеді.

«Туған жер» әні

«Мақта қыз бен мысық» ертегісінің қойылымы конспектісі

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін күшейту. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу. Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрмет. Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекті құралдар: Ортада үстел үстінде ыдыстар, қатық, сыпырғыш, масқалар, ағаш, тауық масқасы, тышқан киімі, шелек, мысық киімі, дүкен, сиыр киімі, мейіз, тары, қайшы.

Қостілділік компонент: Жапырақ – листья, Жұмыртқа – яйцо, Сиыр – корова, Мысық – кошка, сказка – ертегісі, тауық – курица, тышқан-мышка

Өткізу күні: 23.02.2021г

Өткізілген орны: топ

Тәрбиешілер: Жагыпберлина А.Б.

Автор: Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі құйрығы келтеде,
Мақта қыз бен мысық өмір сүріпті.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі күн ерекше болғалы тұр, қане маған қараңдаршы.

Қандай ертегілерді білесіңдер? (жауап)

«Мақта қыз бен мысық» ертегісін Ыбырай Алтынсарин атамыз жазған.

Тәрбиеші «Мақта қыз бен мысық» ертегісі

Мақта қыз үстел үстін реттейді. Ыдыстарды жиыстырған кезде мейіз тауып алады.

Мақта қыз (Мысығын шақырады)

- Мысығым менің, қайдасың?

- Тарғылым менің, келе ғой, мен саған мейіз беремін (мысық келмейді)

- Келмесен, келмей –ақ қой - деп (мейізді қыз жеп қояды)

Осы кезде үй артынан «мяу» деген дыбыс шығады.

Мақта қыз ыңылдап ән салады, мысық шығады.

Мақта қыз –

Мысығым-ау, мысығым,

Тарғылы жақсы түсінің.

Таңертең де, кештеде,

Бетін жуған пысығым.

Піш-піш десем, келе ғой,



Айқаныма көне ғой.
Шақырғанда піш-піш деп,
«Мяу!»-деп дыбыс бере ғой.

Тәрбиеші: Сол кезде мысық шығып Мақта қызға өлең айтып береді.

Мысық

Менің атым мысық,
Екі көзім қысық.
Тышқан аулап отырамын
Сүт-көжемді ішіп –дейді

Мысық: Мақта қыз,
сен мені неге шақырдың?

Мақта қыз: Айтпаймын!

Мысық: Ендеше, мен сенің қатығыңды төгемін.

Мақта қыз: Ой,ой. Сен не істедің? Сол үшін мен сенің құйрығыңды кесіп аламын! (құйрығын кесіп алады)

Мысық: Берші, құйрығымды!

Мақта қыз: Бермеймін! Қатығымды қайтарып бер!

Тәрбиеші: Сөйтіп, мысық сиырға келед

Сиыр

Менің атым сиыр,
Өрісім алыс қиыр.
Етім үшін, сүтім үшін,
Адамдар маған үйір - дейді.

Мысық: Мяу, сиыр, сиыр,
сен маған қатық берші!

Сиыр: Сен маған жапырақ әкел, менің қарным ашып тұр.

Тәрбиеші: Сөйтіп, мысық ағашқа барады

Ағаш

Мен жасыл ағашпын,



Күтсендер гүл ашам,
Жолыңа нұр шашам,
Жапырағым азық,
Бұтағым қазық.
Саяма сағаларсың,
Салқындап дем аларсың.

Мысық: Ағаш, ағаш,
маған жапырақ берші!



Ағаш: Маған су әкеліп бер мен шөлдедім, мен саған жапырақ беремін.

Тәрбиеші: Сөйтіп, мысық су іздеп келе жатса, алдынан су тасып жүрген қыздар шығады

Қыздар: Су - тіршілік негізі,
Онсыз өмір сүрмейсің.
Тазалықтың негізі,
Су деп және білгейсің –деп әндетіп жүреді.



Мысық: Мяу, қыздар маған су беріндерші.

Қыздар: Сен бізге дүкеннен сағыз әкеліп бер.

Тәрбиеші: Сөйтіп, мысық дүкеншіге келеді.

Мысық: Мяу, дүкенші,
дүкенші маған сағыз берші.



Дүкенші – Саян
Маған жұмыртқа әкеліп бер,
мен саған сағыз берем.

Тәрбиеші: Мысық әбден шаршады жұмыртқа іздеп тауыққа барады.

Мен тауықпын
Өзім қақсауықпын.
Күніне бір жұмыртқа табам,
Осыған жетеді шамам - деп әндетеді.

Мысық: Мяу, тауық,
тауық маған жұмыртқа берші.



Тауық: Сен менің балапандарыма дән әкеліп бер, біз ашпыз

Тәрбиеші: Мысық ойға батып, басын ұстап не істерін білмей отырып қалады. Осы кезде бір тышқан жүгіріп шығып, інді қаза бастайды.

Тышқан

Мен тышқанмын,
Өзім дән екпеймін.
Егістен ұзап кетпеймін,
Айналам толы ән,
Қоймам толы дән,
Дәнді тастап кетпеймін - деп ән салып жүрген тышқанды мысық бас салып ұстап алады.



- Айт, үйіңде не бар? Жаныңның барында айт, тез, әйтпесе, қазір жеп қоямын.

Тышқан: Сен маған бір ән айтып бер.

Мысық: «Тышқан» туралы тақпақ айтады
Өзім егін екпеймін
Егістен ұзап кетпеймін
Мысық қуса жетпеймін
Мен қап тесер тышқанмын

Тәрбиеші: Тышқан мысыққа рахмет айтып, бір қап тары береді, мысық дәнді тауыққа береді, мысық жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші мысыққа сағыз береді, сағызды мысық қыздарға береді, қуанған қыздар мысыққа су береді, суды мысық ағашқа құяды, шөлі қанған ағаш мысыққа жапырақ береді. Жапырақты мысық сиырға береді, сиыр оған қатық береді, қатықты мысық Мақта қызға берді.

Мысық: Мақта қыз, қатығың міне мен енді бұзық болмаймын, айтқаныңды тыңдаймын.

Тәрбиеші: Сөйтіп Мақта қыз қатығын, мысық құйрығын қайтарып алып, екеуі тату-тәтті өмір сүрген екен.

Қорытынды жасау

- Балалар мысық пен тышқан дос болды ма?
- Сендерге ертегі ұнады ма?
- Дос болу үшін не істеу керек екен?
- Дос туралы қандай шаттық шеңбер жасау

Достар бірге жүреміз,
(қол ұстасып, айнала жүру)
Бірге ойнаймыз, күлеміз.
(бір-біріне қарап күлу)
Бірге балық аулаймыз,
(қолдарын алға созады)
Міне, біздер қандаймыз!
(қолдарын жоғары созу)
Бөлінбейді іргеміз,
Әрқашанда біргеміз.



Осымен балалар сабағымыз аяқталды келген апайларға келгендері үшін көп-көп рахметімізді айтайық.

«Менің алғашқы кітаптарым» кітаптар көрмесінің сценарийі

Өткізілген күні: 23.02.2021 жыл
Өткізілген орыны: топта

Топтың іші кітапхана ретінде безендірілген, «Егер досыңмен шықсаң жолға» әуені естіледі.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда кітапқа деген құндылықты қалыптастыру. Кітаппен қарым-қатынастан қуаныш, қанағат алуды сезіндіру.

Тәрбиеші: Балалар мына жұмбақты шешсеңдер, алда не күтіп тұрғанын білесіңдер:

Сандығым бар өзгеше,
Қолыма алып жүремін.
Ішін ашып ақтарып,
Өмір сырын білемін.
Бұл не? (Кітап)



Тәрбиеші: Бүгін біз кітаптар туралы сөз қозғап, кітаптар көрмесіне барып қайтамыз. Кітап қыз шығады.

Тәрбиеші: Сен кімсің досым?

Кітап: Мен кітаппын. Мен туралы сөз қозғағандарыңызды естідім.

Тәрбиеші: Ия, біз бүгін сен туралы сөйлесіп, кітаптар көрмесіне барып қайтпақшымыз.

Кітап:

Кітабың – сенің құралың,
Жағар білім шырағын.
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір адам.

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, ерекше сөйлейтін кітап. Сізге сөйлеуді кім үйретті?



Кітап: Мейірімді сиқыршы.

Тәрбиеші: Сенің бізге қонаққа келгенің қандай жақсы болды. Балалармен бірге балабақшада қалшы. Балаларға өзің туралы айтып берші.

Кітап: Кітап!

Сен адамзаттың жақын досы,
Келмейді сені оқымай көңіл қошы.
Ел мұны, өмір сыры, ақын жыры,
Басылған таңба болып өзіне осы.

Кітап!

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тындатады.
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.



Тәрбиеші: Қызықты әңгімең үшін рахмет саған кітап. Қайта-қайта оқығысы келетін әркімнің сүйікті кітабы болады ия балалар, солай емеспе?

- Балалар, біздің қонаққа кімнің үйінде кітапханасы бар және онда қандай кітаптар бар екенін айтып беріңдерші?

- Ертегілерді шығаратын кім екенін білесіңдерме?

- Білетін ақын, жазушыларды атап шығыңдаршы? (М.Әлімбаев, И.Алтынсарин, А.С.Пушкин, К.Ыдрысов, Абай Құнанбаев)

- Өлеңдер, тақпақтар шығаратын жазатын адамдлы кім деп айтамыз (ақын)

- Сендер қандай балалар ақындарын білесіңдер?

- Араларыңда оқу білетін балалар бар ма?

- Естеріңдеме соңғы рет қандай кітап оқыдыңдарың немесе сендерге оқып берді? (И.Алтынсарин «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»)

Тәрбиеші: Біраз кітаптардың атауын айттыңдар, әрқайсысы әр түрлі. Қазір біз сендермен бірге кітаптардың қандай түрлері болатынын білетін боламыз. Қонағымызбен бірге сендерді кітаптар көрмесіне шақырамыз.

Адамның досы – кітап, өмір кілті,
Тең келмес оған жиған дүние мүлкі.
Ақылшы, жанға серік жол бастаушы,
Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.

Тәрбиеші: Қарашы кітап сенің қаншама туыстарың. Кел, бірге таныстырып айтып берейік.

Кітап: Мынау кішкене кітапшалар.

Тәрбиеші: Ол кішкентай балаларға раналған ба?

Кітап: Жоқ. Ол өзі сондай кішірек кітап, сөмкеде қалтаға салып жүруге болады. Оның суреттері де жазуларыда кішкентай. Ол оқу білітін балаларға арналған.

Тәрбиеші: Мына кітаптарға назар аударыңдаршы балалар. Бұл кітап әлі оқу білмейтін балаларға арналған, суреттері көрнекті, жарқын, ал беттері қалың болып келеді.

- Қалай ойлайсындар? Неге беттері қалың?

Кітап: Өйткені балалар кішкентай болғандықтан жыртып алуы мүмкін.

Тәрбиеші: Ал егер беттері жыртылып қалса не істеуге болады? (жабыстыруға болады).

- Қане , қонағымызбен бірге кітаппен қалай жұмыс істеу керектігін және қалай ұстау керектігін есмізге түсірейікші.

Кітапты пайдалану ережелері:

1. Кітапты таза, су емес қолмен ұстау.
2. Кітапты үстел үстінде қарау.
3. Беттерін мұқият, тиянақты ашу.
4. Кітапқа сурет салып, шимайлауға болмайды.
5. Егер кітап жыртылып қалған болса, ескі болса не сітеуге болады?
6. Кітаптарды кітап сөресінде сақтау.

Тәрбиеші: Кітаптар бізге не үшін керек? Балалар кітап туралы тақпақтарын айтады

1-ші бала: Білім алар көп адам
Жақсы нәрсе жоқ одан.
Қызыға кеп оқимын,
Кітап көрсем жаңадан.
Кітап – маған ұнады,
Кітап - білім бұлағы.



2-ші бала: Кітап деген басындағы білімнің,
Кітап деген ақыл, ойың, ілімнің.
Кітаппенен дос болыңдар, жыртпандар,
Жерде жатса көтеріп қой, баспаңдар

3-ші бала: Кітап сенің қазынаң,
Кітап сенің жан досың.
Білімді асырар,
Кітап сенің бақ құсың.



Тәрбиеші: Кітаптар бізге ойлауға, көптеген сұрақтарға жауап табуға көмектеседі. Кітаппен өмір сүру қызықтырақ. Балалар, сендер кітап туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Балалар:

- Кітап оқысаң демалып қаласың.
- Бір кітап мыңдаған адамды оқытады.
- Кітап –алтын қазына.
- Кітап - ғылым – тілсіз мұғалім.
- Жақсы кітап - жан азығы.
- Кітап — білім бұлағы,
- Білім — өмір шырағы!
- Кітап оқығандікі
- Білім тоқығандікі.



Кітап: Балалар қандай ақылдысыңдар, жарайсыңдар! Барлығын біледі екенсіңдер! Сендермен қоштасқым келмей тұрғаным-ай!

Тәрбиеші: Мен сендермен қоштаспаймын, келсі кездескенше деймін!

«Тіл білгірі» атты педагогтар арасында сайыстың сценарийі

Өткізілген күні: 24.02.2021 жыл

Өткізілген орны: музыкалық зал

Мақсаты: Педагогтердің тілге және Қазақстан Халықтарының мәдени мұрасына деген қызығушылығы мен құрметін қалыптастыру. Толерантты тәрбиелеу. Шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін көрсете білу.

Айсулу: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Естімедік деп айтпаңыздар! «Тіл білгірі» байқауы тек қана бүгін және де осы залда өтеді. Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер! Бүгін өзара сайысып, өз білімдеріңізді қазақ тілінде көрсете аласыздар.

Айсулу:

Қазылар арқасымен таныс болыңыздар:

1. Директор- А.Н.Танекеева
2. әдіскер - Е.А. Садикова

Айсулу: Дайынсыздар ма, әріптестер?
Онда бастайық.



1.Тапсырма «Блиц-Турнир»

Өзіңіз жайлы қазақ тілінде айтып беру

Сұрақтар

1.Қазақ тілінде қалай айтылу керек: Доброе утро!, Добрый день!, Добрый вечер!, Здравствуйте!, До свидания! Спасибо!

2.Тапсырма «Сөздік сайыс»

1 минут ішінде күні бойы балалармен жұмыс жасағанда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін жазыңыз, содан кейін дыбыстаңыз.



3.Тапсырма «Фонема» 3 тапсырмадан тұрады

- 3.1. Қазақ тілінің барлық спецификалық әріптерін жазыңыз.
- 3.2. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын дұрыс айтыңыз.
- 3.3. Ұсынылған нақты дыбысы бар 1 сөзді атаңыз.

4. Тапсырма «Үндестік»

Үндестік заңы. Сөз негізінің аяқталуын дұрыс таңдау керек

Лар - лер тар - тер дар - дер

Көше, Гүл, Су, Педагог, Кітап, Қасық
Бала, Дәптер, Торғай, Қыз, Ұл, Үй

5. Тапсырма «Сиқырлы киіз үй»

Киіз үйден затты алып, оны қазақша атау

«Балабақша» музыкалық кідіріс

6. Мәнерлеп оқу сайысы

О.А. Колесникова

«Менің өлкем» Қабдыкәрім Ыдырысов

Алатау, Алтай, Атырау, Арқа, Арқалық -
Өлкемнің байтақ қуанышын, достар ал таңдап,
Қазақстан шаттықтың елі шалқыған,
Қарсы алған күліп, арайлы туған әр таңын.

Қазақстан - батырлар елі, ер елі,

Бауырмалдық, достықтың елі өрелі

ҚАЗАҚСТАНЫМ - Сарыжайлау, асқар тауларым,-
Мәңгі бақи жырланып бітпес өлеңім.



М.В. Смолик

«Кел, балалар, оқылық» Ыбырай Алтынсарин

Бір Аллаға сиынып,

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық.

Істің болар қайыры

Бастасаңыз аллалап.

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.



«Байтерек» ойыны

7.Мақал –мәтелдің жалғасын тап

«Отан – елдің анасы, ел –

«Отанды сүю – отбасынан.....»

«Ел іші – алтын.....»

«Отан оттан да.....»

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ...»



8.Театрлық қойылып: «Алдар көсе мен бай» ертегісі

Айсулу: Қорытындылай келе, сөз кезегін қазылар алқасына берейік. (Қазақ тілінің үздік білгірлеріне грамоталар тапсыру)

Айсулу: Құрметті әріптестер! Тіл - әр ұлттың қайталанбас байлығы. Тіл бар жерде ұят та, ел де, жер де болмақ. Тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екеніне тағы көз жеткіздік. Бізбен болғандарыңызға рахмет. Сау болыңыздар!

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» жарысының конспектісі

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: көркем әдебиет

Тақырыбы: «Халық ауыз әдебиеті әлеміне саяхат»

Мақсаты: Мақал-мәтелдер, санамақ, жаңылтпаштар туралы балалардың білімін жалпылау

Міндеттері:

Білімділік: қазақ халық шығармашылығына деген патриоттық сезімді, махаббат пен қызығушылықты қалыптастыру

Дамытушылық: ана тілін, халық дәстүрлерін үйренуге қызығушылықты дамыту

Тәрбиелік: Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықты тәрбиелеу

Қостілділік компонент: остров-арал, пословица – мақал, считалка - санамақ, скороговорка - жаңылпаш

Өткізу күні: 24.02.2021ж

Өткізілген орны: топ

Тәрбиешілер: П.П. Басаева, Г.В.Измлайлова

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын! Бүгін бізді ерекше саяхат күтіп тұр. Сіздерді халық ауыз әдебиеті шығармашылығының керемет әдемі патшалығына шақырамын. Менмен бірге баруды, көруді, өзіңізді көрсетуді ұсынамын. Жол алыс. Дайынбызба? Жолымыз болсын!

Тәрбиеші: Алда халық ауыз әдебиетінің аралы жатыр. Олардың тұрғындарымен танысайық. Мен мысал келтіремін, сіз оларды атайсыз. Сізге таныс өрнектер:

1.Бұлбұл гүлзарын сүйеді,
Адал адам Отанын сүйеді (Мақал)

Тәрбиеші: Мақал дегеніміз не? Мақал — нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айтылады.

2.Сен өлше, ол өлшер,
Сол олшем, сол мөлшер.....(Жаңылтпаш)

Тәрбиеші: Жаңылтпаш – халық ауыз әдебиетінің жаныры, ойын –сауыққа

Жаңылтпаш (Считалка)

жиналған қаумды күлдірту, жас ұрпақтың тілін ұстартып, шапшаң айтуға үйрету.

3. Алма кетті домалып
Көше бойын аралап
Кім алманы табады
Сол ойыннан шығады.... (Санамақ)

Тәрбиші: Санамақ – оларды қыздар мен ұлдар құрайды, жасырынбақ немесе соқыр теке ойыны барысында айтады. Халықтың, авторлық санамақтар бар. Олардың көпшілігінде сандар туралы айтылған.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар! Фольклорлық жанырлады жақсы біледі екенсіңдер. Мерекелік ауылға да келіп қалдық. Мұнда қазақ халқының меркелері өмір сүреді (наурыз, құрбан айт мерекелері т.б)

Тәрбиеші: алда мақал-мәтелдер көпірі тұр. Сіз оған өтіп, мақал-мәтелдерді оқи аласыз.

1. Ағаш тамырымен, адам досымен мықты
2. Жердің сәні – егін, ердің сәні – білім
3. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл
4. Жолдасы көптін-олжасы көп

Тәрбиеші: міне, біз санамақ аралындамыз. Балалар ертегілердегі кейіпкерлер жиі санайтындары есітеріңде шығар. Бізде есептейік. Сө кезегі өздеріңде, достар.

1. Бір дегенім – бесік,
Шықтық содан өсіп,
Екі деген – Елім,
Далам, тауым, көгім
Үш дегенім – Үміт,
Үміт артар жігіт.
Төрт дегенім – төзім,
Төзе білем өзім.
Бес дегенім – Бақыт,
Бағалайтын уақыт.
Алты деген – Ақыл,
Тыңдағаның мақұл.
Жеті деген – жалау,
Жүректегі алау.
Сегіз деген – сөзің,



Серт беретін кезің.
Тоғыз деген – тоқтау,
Елдің жоғын жоқтау.
Он дегенім – Отан,
Қорға оны, ботам!

2. Бір дегенім – берік.
Екі дегенім – ерік.
Үш дегенім – ұшақ,
Төрт дегенім – тұсақ.
Бес дегенім – бауыр,
Алты дегенім – ауыл.
Жеті дегенім – желке,
Сегіз дегенім – серке.
Тоғыз дегенім – тоқпақ,
Он дегенім оспақ.



3. Бір, екі, үш,
Бір, екі, үш,
Ал, кәнеки, үш.
Төрт, бес, алты, жеті,
Төрт, бес, алты, жеті,
Мынау- ауыл шеті.
Сегіз, тоғыз, он,
Сегіз, тоғыз, он,
Ал, кәнеки, қон.
Асықпа да саспа,
Бірден қайта баста



Тәрбиеші: біз саяхатымызды жалғастырамыз, біз «Жаңылтпаштар» аралына келдік. Атауы сендерге не айтып тұрғанын білесіңдерме.

Балалар: бұл жаңылтпаш. Олар тез сөйлеп, барлық дыбыстарды анық айту керек.

Тәрбиеші: Сендерге сөз кезегін берейік.

1. Бар, май шайқа,
Байқа, жай шайқа

2. Пай-пай-пай,
Жайылып жүр тай.
Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай



3. Күз, Кез, Көз,
Күш, Кеш, Көш,
Кір, Кер, Көр,
Күл, Кел, Көл,
Кілең қысқа сөз,
Кім оқиды тез?



4. Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Сіз халықауыз әдебиеті әлеміне саяхат жасай отырып, барлық сынақтардан сәтті өттік. (Бұл үшін Мен сендерді дипломдармен марапаттаймын)

Тәрбиеші: Сендерге рахмет! Келесі кездемскенше сау болыңдар!

«Қызыл телпек» ертегісінің драматизациялау конспектісі

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет

Тақырыбы: «Қызыл телпек»

Мақсаты: Балалардың қазақ тіліндегі ертегілерді драматизациялауға қызығушылығын қалыптастыру. Балалардың театр іс-әрекетіне деген қызығушылығын дамыту.

Міндеттері:

Білімділік: Балаларға экспрессивті құралдармен (интонация, мимика, кимыл - қозғалыс пластикасы, өз іс-әрекетіне өзіндік талдау жүргізу) драматизация ойынында экспрессивті бейнені жасауға үйретуді жалғастыру.

Дамытушылық: Шығармашылық қабілетін, сөйлеу кезінде еркін сөйлеу қабілетін дамыту, балалардың қазақ тілінде сөйлеу тілін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбие: Ойынға деген қызығушылықты, мейірімділікті, сезімталдықты, достық қарым-қатынасты, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу.

Қолданылаты көрнекті құралдар: ертегі кейіпкерлерінің костюмдері; декорациялар

Қостілділік компонент: сказка – ертегі, лес-орман, опушка леса- орман шеті

Өткізу күні: 24.02.2021ж

Өткізілген орны: топ

Тәрбиеші: М.В.Смолик, Э.Я.Гец

Тәрбиеші: Балалар, сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме? Ертегілерді кім жазады? (жазушылар, халық ертегілері бар)

- Біз ертегілерді жиі кездестіреміз ия: кітап оқимыз, аудио әңгімелер тыңдаймыз, мультфильмдер көреміз, қойылымдарға барамыз. Қойылымдар қай жерде көрсетіледі білесіңдерме? (театрда)
- Мен сендерге бүгін өз театрымздың есігін ашуды ұсынамын.

Ертегіші: Лес дремучий сладко спит на холмах подушки,

Домик маленький стоит на его опушке.

В доме девочка живет, и поверьте,

Что прелестнее её, нет на целом свете.

И добра, и весела, и собой пригожа, и хотя ещё мала, всем всегда поможет.

Мамочка гордится ей, и души не чаёт

Ну а бабушка по ней что ни день – скучает

Хоть живёт недалеко, на другой опушке,

Но ходить – то нелегко через лес старушке.

Ертегіші: Құрметті балалар, бұл ертегінің бастауы еді, жалғасы әлі алда, қазір мен ертегі кітапты қолыма аламын, содан соң ертегінің таңғажайып әлеміне саяхат жасаймыз

Ертегіші: Ерте-ерте-ертеде ауылда кішкене қыз өмір сүріпті. Әжесі оған туған күніне қызыл телпек сыйлапты. Кішкентай қыз барған жерінде басынан шешпей жүріпті. Сөйтіп оны –Қызыл телпек деп атап кетіпті. Бір күні қыздың анасы бәліш пісіріп, былай дейді...

Мамасы: Қызым, мына бәліш пен бір құты майды әжеңе апарып, халжағдайын біліп қайтшы.

Қызыл Телпек: Жарайды, анашым, апарып берейін. Жолда жүріп, гүл жинап, әжеме сыйлаймын.



Ертегіші: Бәліш пен май салынған себетті алады. Анасының сөзін екі етпейтін Қызыл Телпек әжесіне аттанады. Оған әжесі тұратын ауылға жету үшін орман арқылы өту керек еді. Қызыл Телпек орманда жалғыз жүрудің қаншалықты қауіпті екенін білмеді. Сондықтан ол өлең айтып, гүл теріп, асықпай жүреді.

Ертегіші: Қызыл Телпек орманының ішінде жүріп, «Қызыл Телпек» өлеңін айтып келеді

Қасқыр: Қайда барасың

Қызыл Телпек: Әжеме, бәліш пен бір құты май апара жатырмын.

Қасқыр: Менде сенің әжеңнің қал –жағдайын білгім келеді. Онда сен мына жолмен жүр, мен басқа жолмен жүрейін. Кім бірінші жетеді екен?



Ертегіші: Сөйтіп жолға шықты, қасқыр қысқа жолмен, қызыл телпек ұзақ жолмен.

Қызыл телпектің әні

Ертегіші: Қасқыр әженің үйіне бірінші жетіп алды.

Қасқыр: Тук-тук! (есік қағады)

Әже: Бұл кім?

Қасқыр: Бұл мен, немереңізбін.

Қалыңызды білуге келдім.



Әже: Жіпті тартағой балам. Есікте ашылады

Ертегіші: Қасқыр жіпті тартып қалып еді, есікте ашылды. Әжені шап беріп ұстап алды да, жұтып қойды! Әженің төсегіне жатып өкрпені жамылып алды. Сол уақытта қызыл телпекте жетті.

Қызыл телпек: Тук-тук! (есік қағады).
Бұл меной немереңіз,
сізге бәлішпен май әкелдім.

Қасқыр: Жіпті тартағой балам.
Есіте ашылады.



Қызыл телпек: Әже, неге дауысыңыз қарылып шығып тұр?

Қасқыр: Суық тигізіп алдым, балам.

Қызыл телпек: Көзің неге үлкен?

Қасқыр: Сені жақсырақ көру үшін балам!

Қызыл телпек: Ал тісіңіз неге үлкен?

Қасқыр: Сені жеп қою үшін, қызыл телпек!



Ертегіші: Қасқыр қызыл телпекті ұстап алып жұтып қойды. Сол мезетте үйдің жанынан аңшы өтіп бара жатады. Сол кезде терезеден қасқырды көріп қояды.

Аңшы: Әп, бәркелді қолыма түстіңбе!

Ертегіші: Аңшы мылтықпен қасқырды атып жібереді.
Үйге кіріп қараса...



Аңшы: Қасқырдың іші үлкен сияқты. Әжені жұтып қоймады мекен?

Ертегіші: Аңшы пышақпен қасқырдың ішін тіліп жібереді. Ішінен қызыл телпек пен әже шығады. Екеуі де дін аман.

Әже: Бізді құтқарғаның үшін рахмет саған аңшы! Бәліштен ауыз ти!

Ертегіші: Міне, ертегі де аяқталды, тыңдағандарыңа рахмет. Тек осы ертегінің соңы сәл өзгерірек, өйткені ертегінің басты кейіпкерлерінің бірі – қасқыр сахнаға шығады.

Қасқыр: Міне реніш, міне көңілде түсті

Ертегідегі жауызбынба? Жооқ!

Ұят болды достар, ұят

Енді бұлай қайталанбайды!

Әже мен қызыл телпек:

Дос болайықшы енді біз

Досыңмен өмір сүру қызықты!

- «Если долго, долго, долго.... Әні орындалады

Тәрбиеші: Сізге біздің театр ойыны ұнады ма? (балалардың жауаптары) менде қызыл және ақ түсті карталар бар. Өз рөліңізді қалай орындағаныңызды ойлаңыз және есіңізде сақтаңыз, өзіңізді бағалаңыз: егер сіз өз рөліңіз бен міндеттеріңізді жақсы орындаған болсаңыз - ақ карточканы алыңыз, егер сіз сәтсіздікке ұшырасаңыз және жақсы жеңе алсаңыз-қызыл карточканы алыңыз. Оқушылар өздерін таңдайды және бағалайды.

«Тіл-ұлттың жаны»
«Тұсау кесер» қазақ халық дәстүрінің сценарийі

Өткізілген күні: 25.02.2021 жыл
Өткізілген орны: музыкалық зал

«Көңіл толқыны» күйі орындалуда Сәкен Тұрсынбеков
Ұлттық киімде төрт қыз бала кіреді

Бірінші қыз: Қонақжай Қазақстан халқы , бүгін Балқаш қаласында біздің
басымызды қосыпты

Екінші қыз: Біз өз дәстүрімізді құрметтейміз, олрады ұмытпаймыз

Үшінші қыз: Сені сүйемін, Менің Қазақстаным, Сен менің жүрегімде
мәңгісің. Біз өз дәстүрімізді сақтаймыз және шексіз сүйеміз.

Төртінші қыз: Сен бізді өз отбасындай қабылдадың, сол үшін біздің
жүрегіміздесің. Ал қазір біз сіздерге «Тұсау кесер» дәстүрін көрсетеміз.
Сәбидің жылаған дауысы естіледі

Бірінші қыз: Сәби келді өмірге,
Сәби келді!
Бір күй кернеп, шалқытты ән іргемді.
Анасы аман босанды, қалжа жесін,
Ат ұстайтын азамат бар үйде енді.!

Сәбиді бесікке салады

Бесік жыры: Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін,
Әлди, әлди, ақ бөпем

Қыздар құттықтап, оырнадырына отырады

Екінші қыз: Уақыт өтіп, алға асығады
Сәбиімізде жасқа келді

Үшінші қыз: Ежелгі дәстүр бойынша,
керемет мереке болмақшы
Қазақтың «тұсау кесер» рәсімі



Анасы сәбиді әкеледі

Анасы: Біздің салт-дәстүр бойынша
Дәстүрді үлкеніміз жалғастырса

Әуеннің сүйемелдеуімен әже кіреді, қолындағы ала жіпті көрсетеді.

Әже: Бір қадам, екі қадам жаса
Келдіғой міне жасың жасқа балам
Өмірде әр қадамың құтты болсын
Ешкімнің ала жібін аттама балам
Ақ жолды төсейді

Әже баланың аяғын байлап, анасымен бірге ақ жолмен жүргізеді. Қонақтар шашу шашып, шашуды балалар мен үлкендер теріп алады.

Әже: Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.



Әже тұсауын кеседі де,
баланың қалағанын таңдатады.
Таңдағанына қарай,
баланың өмірін
соған ырымдап байланыстырады.



Әже: Бәрекелді кітапты таңдады,
Ақылды, мейірімді, білімге құштар азамат болсын.

Қыздар: Құтты болсын! Құтты болсын! Денің сау, үлкен азамат бол.

Бірінші қыз: Бүгін сіздерге халқымның дәстүрін дәріптеген,
Қазақ халқының ерке қызы Айсулу мен боламын.

**«Тіл-ұлттың жаны»
«Бесікке салу» қазақ халық дәстүрінің сценарийі**

Өткізілген күні: 25.02.2021 жыл

Өткізілген орны: музыкалық зал

Мақсаты: Халық шығармашылығы - бесік жыры туралы түсінік қалыптастыру. Оның ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Педагогтердің сөздік қорын байыту және белсенді ету. Қазақ халқының ырым-тыйымдарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Айсұлу: Біз қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы әңгімелестік. Айтыңызшы, сіз қандай ырымдарды білесіз?

Педагогтар: Бесікке салу, шілдехана, тұсау секер, атқа міңгізу.

Есік қағылады, Залға Немересімен әже және келіні кіреді

Айсұлу: Сәлеметсіздер ме, әже және келін!

Педагогтерде амандасады

Әже: Сәлеметсіздер ме, педагогер!

Мен бүгін сіздерге келініммен

немереммен келіп қалдым,

қазір сіздерге «Бесікке салу»

рәсімін көрсетпекшімін.



Айсұлу: Жоғары шығыңыз әже, қонақ болыңыз

Әже: Немеремнің есімі Ержігіт. Елін жерін қорғайтын батыл, батыр юолсын деп ырымдап қойдық.

Айсұлу: Әже білесізбе, біздің педагогтер ер жігіт жайлы мақал- мәтелдер біледі.

Педагогтер:

1.Ерден туған – ер болады.

2.Ерді – ел таниды, елді – ер таниды!

3.Ер – елдің көркі.

Әже: мен қазір сіздерге «Бесікке салу» рәсімін айтып, көрсетемін. Қазақ отбасында сәби дүниеге келгеннен кейінгі үшінші күні оған мереке ұйымдастырылады, бұл күні сәби алғаш рет бесікке салынады. (Әже айтады және көрсетеді). Қараңызшы, қандай әдемі бесік! Бесік нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек.Әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады.

Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмекті қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады.

Сәбиді бесікке салмас бұрын, тағы бір «Аластау» рәсімі жасалады, оны түгінмен тазарту (әже жасап көрсетеді)
Алас, алас, аласы,
Келді, міне, баласы.
Ұйықтап дем алсын,
Құанып оянсын!



Әже: Ал енді немеремді бесікке бөлейміз. (тілектерін айтып, баланы бесікке салады).

Бисмилляхи рамманирахим! немеремнің дені сау, мықты, ақылды , халық арасында құрметті болып, өз Отанын сүйетін азамат болып өссін.

Әже «Бесікке салу» рәсімін бесік жырымен яқтайды. «Әлди, әлди, әлди - ау» деп бесік жырын айтады.

(Педагогтерде бірге бесік жырын орындайды).

Әлди, әлди, әлди-ау, Әлди, әлди, әлди-ау

Әлди, әлди, әлди-ау, Әлди, әлди, әлди-ау

Әлди, әлди, балашым

Әлдилейді анашын

Бесігіңе жата ғой,

Тәтті ұйқыға бата ғой

Әлди, әлди, әлди-ау, Әлди, әлди, әлди-ау



Айсулу: Әже, біздің педагогтер немереңізге тілек айтқысы келеді.

-Ер болсын!

-Үлкен жігіт болсын!

-Үлкен азамат болсын!

-Дені сау болсын!

-Ақылды болсын!

-Мейірімді болсын!

-Әжесінің сүйіті де ,сүйкімді немересі болсын.

-Достары көп болсын.

-Отанын сүйетін азамат болсын.



Әже: Әумин! Көп рахмет тілектеріңе.

«Ақ жол» атты Қазақ тілін оқыту бойынша кітапты Англия елінің балаларына тапсыру сценарийі

Өткізілген күні: 26.02.2021 жыл

Өткізілген орны: музыкалық зал

Мақсаты: мемлекеттік тілді білуге деген қызығушылықты дағдыландыру, халықтың мәдени мұрасын зерделеу арқылы патриотизмді қалыптастыру. Тілдерді үйренуге, білуге деген құрмет пен тілекті тәрбиелеу. Англияның барлық балаларына ізгі тілек тілеу.

Фанфар әуені естілді

Ұлттық киімдегі балалар көңілді музыканың сүемелдеуімен кіреді, жартылай шеңбер болып тұрады

Бала: Ей, туған тіл!
Ата-ананың бал тілі!
Ана тілім- тірлігімнің тірегі,
Тілмен ғана кірер адам реңі

Бала: Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте!

Балалар педагогтармен «Менің Қазақстаным» әнін айтады

Айсұлу: Қайырлы күн, қымбатты педагогтер мен балалар! Ана тілін жақсы білу және дамыту, шет тілдерінің экспрессивті құралдарын қолдана білу – әр адамның қоғамдық және шығармашылық қызметінде ең жақсы қолдау. Әр тіл өте бай, икемді және көркем. Уақыт келеді – және бұл алыс емес-тілдер барлық жерде және барлық жерде оқытылады, ал бірнеше тілді білу заңдылыққа айналады.

Тіліңді үйрен күнде сен,
Ол іс деме жай ғана
Өз тіліңді білмесең
«Білгішпін» деп ойлама.

Айсұлу: Бүгін сіздермен Англия елінің қонақтарын қарсы аламыз.
Джек есміді Англия азаматы кіреді.



Джек: Hello! Hello, менің достарым! Америкадан асыға келіп едім. My name is Gake.

Айсулу: Салеметсіз бе мистер Джек!

Джек: Достарымнан, сіздердің қонақ шақырғандарыңызды естідім.

Айсулу: Әрине шақырдық мистер Джек. Бүгін бізде мереке, бүгін бізде – қазақ тілі апталығы.

Джек: Қазақ тілі апталығы дисиізбе? Өте қызықты!

1-ші Педагог: Халқым теңіз толқыған, тілім терең
Мен мақтанам баршаға тілімменен
Ең асылың не?- десе құрметтейтін
Ойланбастан асылым тілім дер ем.



2-ші Педагог: Өз тіліңсіз көрсенде өз күніңді,
Өз тіліңсіз болсаң да асқан білімді
Өз халқына бола алмайсың азамат,
Білмей тұрып туған ана тіліңді

Айсулу: Біздің Қазақстан көптеген ұлттарды біріктіреді! Біздің балабақшаны көпұлтты деп те атауға болады. Мұнда балалар орыс және қазақ тілдерінде сөйлейді, олар ағылшын тілінде де ойнағанды және ән салғанды қатты ұнатады. Міне, тыңдап көріңіз!

Бала: Маймылда – a monkey
Құрбысы болыпты – a frog - лягушка,
Әпкесі болыпты – a fox - лисичка,
A mouse - тышқан, a kitten - марғау,
A rabbit - қоян, a pig - шошқа.
Барлығы орманда өмір сүріпті – in the wood,
Өте дос болыпты - very good! !



Бала: I have a friend, whose name is (name)
And we have one together
We laugh and play and sing all day
In any kind of weather

Бала Джек: Shanke you, балалар! Үлкен рахмет! Қазақстанда ағылшын тілін білетіне өте қуаныштымын. Мына аспапты қабыл алыңыздар, сіздердің аспаптардың жанынан орын тапсын.

Джек: Ия, біздің Англия еліндеде қазақ тілін оқысақ деген армандамыз

Педагог: У англичан и казахов общий путь –
Путь дружбы – и с него нельзя свернуть!
Народы вместе сквозь века прошли,
В пути друзей надежных обрели.

Бала: Тіл – қарым- қатынас пен түсіністікке көпір. Өз тілінді біл,
басқаларды үйрен, әртүрлі тілдерде сөйле! Джек, біз сіздерге қазақ тілін
үйренуге арналған кітапты ұсынамыз. «Ақ жол тіледім сендерге достарым,
қазақ тілін үйренуде сендерге сәттілік тілейміз» (Педагогтер, балалар
Англия елінің балаларына қазақ тілін үйрену туралы кітапты тапсырады)

Айсұлу: Міне, біздің арнай кездесуіміз де аяғына жетті! Барлықтарыңызға
бар жақсылықты тілеймін!

«Әуе шарлары» флешмоб



